

КЕЛІСІЛДІ

Астана қаласы әкімдігінің
«Әдістемелік орталығы»
МКҚК басшысы
С. Дауешова
« 15 » 05 2023 ж.

КЕЛІСІЛДІ

Астана қаласы әкімдігінің ШЖК
МКК «Қалалық жедел
медициналық жәрдем
станциясының бас фельдшері
Я.Н.Машиновская
« 15 » 05 2023 ж.

БЕКІТЕМІН

Астана қаласы «Шипагер»
медициналық колледжінің
басшысы
А. Адылканова
« 18 » 04 2023 ж.

**АСТАНА ҚАЛАСЫ МЕДИЦИНА КОЛЛЕДЖДЕРІ
СТУДЕНТТЕРІНІҢ АРАСЫНДА ӨТЕТІН
«ҮЗДІК ЖЕДЕЛ-ЖӘРДЕМ БРИГАДАСЫ – 2023»
ҚАЛАЛЫҚ БАЙҚАУЫНЫҢ ЕРЕЖЕСІ**

I. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

- 1.1. Осы Ереже Астана қаласының медициналық колледждері «Емдеу ісі» мамандығы студенттері арасында «Үздік жедел медициналық жәрдем бригадасы - 2023» атты қалалық кәсіби-зияткерлік байқауның мақсаты мен міндеттерін, мазмұнын, өткізу тәртібін, қорытынды жасау және жеңімпаздарды анықтайды.
- 1.2. Сайыс 2022-2023 оқу жылына арналған Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК және «Шипагер» медициналық колледжі) мекемесінің жоспарлары бойынша өткізіледі.
- 1.3. Сайыс еріктілік, ашықтық, объективтілік, кәсіби өзара көмек қағидаттарында өткізіледі, медициналық колледждер арасындағы байланыстарды және бітіруші түлектердің кәсіби шеберлігін шыңдап, дамытуға ықпал етеді.

II. САЙЫСТЫҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ**2.1. Мақсаты:**

- кәсіби ынтымақтастық саласын кеңейту, таңдаған мамандық бойынша кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру және мамандықтың беделін арттыру болып табылады.

2.2. Сайыстың міндеттері:

- білім беру байланыстарын кеңейту және медициналық колледждер арасындағы байланысты нығайту;
- білім алушылардың шығармашылық ойлау қабілетін жандандыру;
- сайысқа қатысушылардың кәсіби ой-өрісін кеңейту;
- сайысқа қатысушылардың зияткерлік әлеуетін және эрудициясын ашу.

III. ӨТКІЗУ ОРНЫ МЕН МЕРЗІМІ

- 3.1. Өтетін орны: Астана қаласы әкімдігінің ШЖК МКК «Қалалық жедел медициналық жәрдем станциясы» Т.Рысқұлов көшесі 8/1, 3-қабат
- 3.2. Өткізу күні мен уақыты: 2023 жылғы 18 мамыр, сағат 10.00
- 3.3. Өткізу формасы: оффлайн
- 3.4. Жұмыс тілдері: қазақ, орыс.

IV. КОНКУРСТЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

4.1. Сайысқа Астана қаласының медициналық колледждерінің «Емдеу ісі» мамандығының бітіруші студенттері арасынан бір бригадadan (құрамында 3 студент) қатысады.

4.2. Сайысқа қатысу үшін өтінішті 2023 жылдың 11 мамырына дейін metodkabinetshipager@mail.ru электрондық поштаға жіберу керек.

4.3. Сайыс 5 тур бойынша өткізіледі:

I тур. «Мен және 103» бейнероликтер және презентация, т.б. (2 минуттан аспайтын таныстырылым, үй тапсырмасы)

II тур. «Блиц-турнир» Жедел медициналық көмекке қатысты сұрақтар (медициналық терминдер, МММ (медициналық мақсаттағы бұйымдар, санитарлық автокөлік аппаратурасы), 1 минут аралығында әр бригадаға 6 сұрақтан қойылады.

III тур. Шұғыл көмекке арналған дәрілік заттар (Әрбір бригада дәрілік зат жазылатын ұяшықты таңдайды, бригадалар 3 минут өткеннен кейін препарат тобын, қолдану тәсілдерін, қолдану көрсеткіштерін, сонымен қатар STOP жапсырмаларды жабыстырады)

IV тур. ЭКГ тіркеу және интерпретациялау (Әр топ 3 минут ішінде ЭКГ-ны тіркейді және жазып алады, содан кейін экранда әртүрлі патологиялық ЭКГ таспалары пайда болады, байқауға қатысушылар экранға қарап экг деректерін түсіндіреді және емдеуді тағайындайды.)

V тур. Жағдаяттық есептерді шешу (Әр топ конвертті таңдайды, онда ситуациялық тапсырмалар болады және ситуациялық тапсырманы 10 минут ішінде шешеді)

VI тур. Жедел жәрдем көлігіндегі ауруханаға дейінгі алғашқы көмек (ұсынылған жағдай бойынша науқасқа ауруханаға дейінгі көмекті көрсету)

V. САЙЫСТЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРУ КОМИТЕТІ

5.1. Сайысты дайындау және өткізу бойынша ұйымдастыру жұмыстарын үйлестіру және жүзеге асыру үшін ұйымдастыру комитеті құрылды.

Ұйымдастыру комитетінің мүшелері:

- Адылканова Әсел Мәдениетовна, төрайымы, «Шипагер» медициналық колледжі басшысы
- Исина Нагима Саткеновна - Астана қаласы әкімдігі «Әдістемелік орталығы» МКҚК әдіскері;
- Малиновская Лариса Николаевна – Астана қалалық жедел жәрдем станциясының бас фельдшері;
- Әлібек Ақжұлдыз Сагидуллақызы - «Шипагер» медициналық колледжінің әдіскері;
- Садыков Мамед Бадырханович, басшының оқу-өндірістік тәжірибе жөніндегі орынбасары;
- Бекбосын Наркыз Бекбосынқызы, арнайы пәндер ЦӘК төрайымы;

Қосымша ақпарат пен кеңесті келесі телефондар бойынша алуға болады: 87754198327, 87087767657.

VI. ҚОРЫТЫНДЫ ШЫҒАРУ

5.2. Ең көп ұпай жинаған қатысушы сайыс жеңімпазы «Үздік жедел медициналық жәрдем бригадасы - 2023» атағын алады.

5.3. Жұлделі орындарға ие болған қатысушылар дипломдармен марапатталады.

**АСТАНА ҚАЛАСЫ МЕДИЦИНА КОЛЛЕДЖДЕРІ
СТУДЕНТТЕРІНІҢ АРАСЫНДА ӨТЕТІН
«ҮЗДІК ЖЕДЕЛ-ЖӘРДЕМ БРИГАДАСЫ – 2023»
ҚАЛАЛЫҚ БАЙҚАУЫНА ӨТІНІШ**

Білім беру ұйымының толық атауы	
Қатысушылардың тегі, аты (толық)	
Жетекшінің тегі, аты (толық)	
Байланыс телефондары	
E-mail	